**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2023 жылғы 08 желтоқсан Іс №7119-23-00-2/13740 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«Дана» ( Абдылдаева Дана Чолпоновна) жеке кәсіпкері

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

«Дана» (Абдылдаева Дана Чолпоновна) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Бертыбаева С. Т., 08.12.2023

«Дана» (Абдылдаева Дана Чолпоновна) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Дана» (Абдылдаева Дана Чолпоновна) жеке кәсіпкерінен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 1836(бір мың сегіз жүз отыз алты) теңге тұрақсыздық айыбы, 55 (елу бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья** **Бертыбаева С.Т.**

Копия верна.

**Судья** **Бертыбаева С.Т.**

Справка: решение вступило в законную силу 23.01.2024 года.

**Судья** **Бертыбаева С.Т.**